

«Dariya» балабақшасы 2024-25 оқу жылына мектепке дейінгі
ұйымның Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

Қаңтар 2025 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Қамқоршылық кеңес
мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Топтардағы температуралық режимнің сақталуын қадағалау.
2. Балалардың құқықтарын қорғау және заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы топтардағы жылыту маусымы кезіндегі ауа температурасы мен ылғалдылық деңгейі туралы айтты. Санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сәйкес, балалар бөлмесіндегі оңтайлы температура +18 С – тан +22С – қа дейін болуы тиіс екені ескертілді. Балабақшаның барлық топтарында арнайы термометрлер орнатылғанын айтты.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі топтардағы ауаның жиі желдетілуін және балалар серуенде жүргенде бөлмелерді тазарту режимін қатаң бақылауда ұстауды ұсынды.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері балалардың құқықтарын қорғау және олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету барысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Балаларға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын – алу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәрбиешілер мен балалар арасындағы психологиялық климатты жақсарту шаралары сөз болды.

Қаулы:

1. Топ бөлмелеріндегі температуралық режим күнделікті қатаң бақылауда ұсталсын.
2. Санитарлық талаптарға сай желдету кестесі нақты сақталсын.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан апта сайын кенеттен тексеру рейдтері ұйымдастырылсын.
4. Бала құқықтарының бұзылуына жол бермеу мақсатында педагогтар арасында құқықтық семинарлар тұрақты өткізілсін.

Төрайымы:
Хатшы:

Шоферова Ж.
Шаниева С.